

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ



РГУ «Казахская национальная
консерватория имени Курмангазы»
Министерства культуры и информации
Республики Казахстан

НҮСҚАУЛЫҚ

2024 жыл 24 сәуір
дата

Алматы қ.

РУКОВОДСТВО

№ Р-01-24

г. Алматы

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
«Құрманғазы атындағы қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ
Ғылыми кеңес хаттамасының
шешімімен БЕКІТІЛГЕН
төрағасы:

Н.Н. Аширов
«24» сәуір 2024 жыл

"ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ" РММ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ НҮСҚАУЛЫҚ

Дайындады:			
Сапа менеджменті секторының басшысы		А.С. Сарымсекова	23.04.24
Келісілді:			
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор		Г.Б. Әбдірахман	23.04.24
Ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор		Г.З. Бегембетова	23.04.24
Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор		М.А. Ешмуханов	23.04.24
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бас әкімші		О. Омарұлы	23.04.24
Заң секторының басшысы		О.К. Тлегенова	23.04.24
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	3
2. Нормативтік сілтемелер	3
3. Нұсқаулықтың қолданылу саласы	4
4. «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту» саласындағы ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттары	6
5. «Студенттік орталықтандырылған оқыту және үлгерімдерін бағалау» саласындағы ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттары	9
6. «Білім алушыларды қабылдау, үлгерімі, тану және сертификаттау» саласындағы ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттары	13
7. «Профессорлық-оқытушылық құрамы» саласындағы ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттары	16
8. «Оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі» саласындағы ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттары	18
9. «Ақпаратты басқару» саласындағы ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттары	22
10. «Қоғамды ақпараттандыру» саласындағы ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттары	24
11. «Бағдарламаларды тұрақты бақылау және мерзімді бағалау» саласындағы ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттары	26
12. «Сыртқы сапаны мерзімді қамтамасыз ету» саласындағы ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттары	28
13. Өзгерістер енгізу тәртібі	29
14. Қорытынды ережелер	29
Өзгерістерді тіркеу парағы.....	31
Танысу парағы.....	32

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі-нұсқаулық) "Құрманғазы атындағы ҚҰК" РММ білім беру сапасын ішкі және сыртқы қамтамасыз ету жүйелерін реттейтін нормалардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы қолданыстағы заңнамасына сәйкес және халықаралық ұйымдардың ұсынымдары мен сапаны қамтамасыз ету саласындағы стандарттарды ескере отырып, оқыту мен сабақ беру сапасын арттыруға арналған құралдардың жиынтығы болып табылады.

2. Нұсқаулық «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РМУ білім сапасын құрылымдық жағынан жақсартуға бағытталған.

3. Нұсқаулық білім мен инновацияның берік іргетасына негізделген елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша білім беру мақсаттарына сәйкес сапаны қамтамасыз етудің негізі болып табылады және сапалы білім беру қызметін жүргізуге барабар жағдайлар жасау және білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша барлық мүдделі тараптардың іс-қимылдарын шоғырландыру үшін бағдар ретінде қызмет етеді.

4. Осы нұсқаулықты білім беру жүйесіне енгізу сапаны қамтамасыз ету жүйесінің нақты мақсаттары мен күтулеріне қатысты консенсусқа қол жеткізуді растайды.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

5. Осы ережеде келесі құжаттарға сілтемелер пайдаланылады:

1) ISO 9001:2016 — Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;

2) ISO 19011:2011 — Сапа менеджменті жүйелерінің және/немесе экологиялық менеджмент жүйелерінің аудиті бойынша нұсқаулық;

3) еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі (ESG) жоғары білім сапасын қамтамасыз етуге арналған стандарттар мен нұсқаулықтар, 2015 жылдың мамырында Ереванда өткен министрлер конференциясында мақұлданды;

4) «Білім деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусымдағы № 292 бұйрығы;

5) EQAVET (кәсіптік білім беру және оқыту үшін еуропалық сапаны қамтамасыз ету жүйесі);

6) Халықаралық Мектептер Кеңесінің (CIS) ұсынымдары;

7) жас балаларға білім берудің ұлттық қауымдастығының (National Association for the Education of Young Children - NAEYC) ұсынымдары;

8) білім беру инспекциясының шеңбері (Education Inspection framework - EIF);

9) Консерваторияда құжаттау, құжаттаманы басқару қағидалары;

10) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20

Ереже	Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	31 беттің 3 беті

шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылдың 27 шілдесінде № 28916 болып тіркелді;

11) «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылдың 31 қазанындағы № 17657 болып тіркелді;

12) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы № 600 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылдың 31 қазандағы № 17650 болып тіркелді.

6. Бұдан басқа, осы нұсқаулықтың қолданылуы мынадай құжаттамамен ұштастырылуы қажет:

- 1) Сапа саласындағы саясат;
- 2) Ішкі аудит туралы ереже;
- 3) Тәуекелдерді басқару саясаты;
- 4) «Сәйкессіздіктерді басқару, түзету және алдын алу әрекеттері» құжатталған рәсімі;
- 5) «Басшылық тарапынан талдау» және басқа да құжатталған рәсімі;
- 6) Консерваторияда қабылданған немесе енгізілген СМЖ-нің өзге де құжаттары.

3. НҰСҚАУЛЫҚТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

7. Нұсқаулық консерваторияда білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша келісілген саясатты белгілейді, оны барлық мүдделі тараптар: басшылық, секторлар, бөлімдер мен бөлімшелер, оқытушылар, білім алушылар және Консерваторияның жұмыс берушілері міндетті түрде қабылдайды және сақтайды.

8. Сапаны қамтамасыз ету жүйесі Нұсқаулыққа, Ұлттық біліктілік шеңберіне, академиялық кредиттерге және білім алушылардың оқу жүктемесі көлемінің өзге де өлшемдеріне және танылған институттандырылған құрылымдарға негізделеді.

9. Сапаны қамтамасыз ету жүйесі Нұсқаулық негізінде консерваториядағы білім беру жүйесін жетілдіру мақсатына қызмет етеді.

10. Нұсқаулықтың бекітулері мынадай ережелер болып табылады:

1) Консерватория білім беру сапасы мен өз қызметінің сапасын қамтамасыз ету үшін негізгі жауапкершілікті өз мойнына алады, осы мақсатта сапаны Ішкі қамтамасыз ету жүйесі енгізіледі;

11. Сапаны қамтамасыз етудің өлшеу тетігі ЖОО-да да, өңірлік және ұлттық деңгейлерде де шешімдер қабылдау кезінде нақты деректерді ұсынуға бірдей бағытталған ішкі және сыртқы құралдар болып табылады;

Ереже	Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	31 беттің 4 беті

12. Кез-келген деңгейде сапаны қамтамасыз ету жүйесі ішкі сапаны қамтамасыз етуден және сыртқы сапаны қамтамасыз етуден қалыптасады және өзара байланыс пен өзара әрекеттесетін саясаттардың, стандарттардың, білім беру сапасын басқару құралдары мен әдістерінің жиынтығы болып табылады.

13. Білім беру сапасы саласындағы саясат - білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тұжырымдалған және бекітілген талаптар және білім беру мен білім беру қызметтерінің неғұрлым жоғары сапалы деңгейін қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымын дамытудың басымдықтары, қағидаттары, бағыттары.

14.1 білім беру сапасы саласындағы стандарттар-барлық мүдделі тараптардың (талапкерлер мен олардың ата-аналары, студенттер, ПОҚ, жұмыс берушілер, стейкхолдерлер) қажеттіліктері мен үміттерін қанағаттандыру мақсатында академиялық, тәрбиелік, зерттеу және басқа да процестердің жұмыс істеуі мен ұдайы жетілдірілуіне арналған қағидалар жиынтығы және оларды іске асыру критерийі сипатталатын ЖОО-ның құжаттары.

15. Саясат пен стандарттарда Консерватория қызметінің бағытына сәйкес келетін білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар көрсетіледі.

16. Сапаны қамтамасыз ету критерийлері -мүдделі тараптардың талаптарына сәйкес білім беру қызметінің (өнімінің), білім беру үдерісінің және ортасының сапасын өлшеу немесе бағалау үшін қолданылатын білім берудің сипаттамалары.

17. Білім беру сапасын қамтамасыз ету құралдары-бұл сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен критерийлерінің, сондай-ақ индикаторлардың (көрсеткіштердің) және бақылау-өлшеу материалдарының жиынтығы.

18. Индикаторлар (көрсеткіштер) білім беру ұйымының сапаға қойылатын талаптарға қатысты қызметі туралы ақпарат береді және оның қызметін жақсартуға көмектеседі. Осыған байланысты индикаторлар (көрсеткіштер) үш функцияны орындайды: өлшейді, сигнал береді және сапа туралы істердің жай-күйін хабарлайды.

19. Білім беру тәжірибесінде өлшеу үшін сандық индикаторлар, сапалық индикаторлар, салым индикаторлары, үдеріс индикаторлары, нәтиже индикаторлары, бағыт индикаторлары, тиімділік индикаторлары, қаржылық индикаторлар, KPI индикаторлары пайдаланылады.

20. Өлшенетін салаларға мыналар жатады: білім алушыларды қабылдау, академиялық жетістіктер (үлгерім) және білім алушыларды ілгерілету, олардың оқуын бітіруі, контингентті сақтау, білім алушыларды тарту, түлектер (өткен жылдар), оқу және (немесе) білім беру бағдарламалары, оқытушылар, профессор-оқытушылық құрам, қызметкерлер & HR, білім беру технологиялары, оқу және ғылыми зертханалар, жабдықтар, қаржылық көмек, гранттар мен зерттеулер, кітапхана, стратегиялық жоспарлау, оның ішінде академиялық стратегия, қанағаттану деңгейі, бизнеспен, басқа білім беру ұйымдарымен, қоғаммен байланыс.

Ереже	Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	31 беттің 5 беті

4. «БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ» САЛАСЫНДАҒЫ ІШКІ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ СТАНДАРТТАРЫ

Нұсқаулық:

21. Консерватория білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту процедураларын анықтайды. Білім беру бағдарламалары оқытудың болжамды нәтижелерін қоса алғанда, белгіленген мақсаттарға сәйкес келеді. Білім беру бағдарламасын игеру нәтижесінде алынған біліктілік нақты анықталған және жоғары білім берудегі ұлттық біліктілік шеңберінің белгілі бір деңгейіне сәйкес келеді.

22. Әрбір академиялық комитеттер әзірлеген құжаттар мамандықтармен университеттің Ғылыми кеңесі бекіткен (академиялық комитет туралы ережені қараныз) Консерваториядағы білім беру бағдарламасының жүйесі болып табылады. Академиялық комитеттің құрамына кафедра меңгерушілері, кафедралардың жетекші оқытушылары, жұмыс берушілердің өкілдері, білім алушылар (білім деңгейлері бойынша) Консерватория түлектері кіруі мүмкін.

23. Білім беру бағдарламалары және даму стратегиясы міндетті іске сәйкес жүзеге асырылады, академиялық саясат негізінде жоғары оқу орнының сапасын қамтамасыз ету болып табылады.

24. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру кезінде Консерватория мыналарды қамтамасыз етеді:

- 1) оқытудың нақты мақсаттары мен күтілетін нәтижелері;
- 2) білім беру бағдарламаларын мәдениет және өнер саласының нақты қажеттіліктеріне және кәсіби стандарттарға жақындату үшін жұмыс берушілермен тұрақты байланыс жүйесін дамыту;
- 3) білім алушылардың ЖОО-да белгіленген рәсімдер мен тетіктер арқылы жеке білім беру траекториясын қалыптастыру;
- 4) ағылшын тіліндегі пәндер үлесін арттыру;
- 5) оқыту сапасын бағалау мақсатында білім алушылардың үлгерімі мен жетістіктеріне тұрақты мониторинг жүргізу;
- 6) білім беру технологияларын жетілдіру;
- 7) бағдарламалардың тәжірибеге бағдарланған бағытын күшейту, ТЖКБ ұйымдарында, мәдениет және өнер мекемелерінде тәжірибеден өту үшін мүмкіндіктерді кеңейту;

25. ББ білім беру үдерісін іске асырудың мақсаттарын, күтілетін нәтижелерін, мазмұнын, шарттары мен технологияларын, осы мамандық бойынша бітірушіні даярлау сапасын бағалауды регламенттейді, білім алушылардың, оқытушылар мен жұмыс берушілердің тілектерін ескере отырып, оқу жоспарлары мен оқыту бағдарламаларының мазмұнын жыл сайын қайта қарауды қамтамасыз етеді. Осыған байланысты кафедралардың ПОҚ элективті пәндердің сұранысқа ие курстарын әзірлейді.

26. Консерватория ББ мазмұны білім беру бағдарламасының барлық немесе бір бөлігін аяқтағаннан кейін студент/түлек не істей алатындығын сипаттайтын білім, білік, дағды, қабілет, құзыреттілік арқылы көрінетін

Ереже	Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	31 беттің 6 беті

оқытудан күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған. Білім беру бағдарламалары мамандарды даярлаудың құзыреттілік моделі контекстінде әзірленеді және құзыреттілік нысанында көрсетілген оқыту нәтижесіне бағдарланады.

27. ББ-бұл студенттің білім берудегі жеке әлеуетін іске асырудың жеке жолы ғана емес, сонымен қатар білім алушылар мен жұмыс берушілер үшін оқу жоспарының негізгі аспектілері туралы нақты түсінік алу мүмкіндігі.

28. Консерваторияның білім беру бағдарламасының құрылымы:

1) білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы (түсіндірме жазба);

2) білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндетті ісі;

3) білім беру бағдарламасының төлқұжаты;

4) құзыреттер бейіні;

5) мамандық бойынша бітірушінің кәсіби стандартының проекциясы;

6) бітірушінің (бакалавриат/магистратура немесе докторантура) кәсіби құзыреттерінің салыстырмалы картасы;

7) бітірушінің (бакалавриат/магистратура немесе докторантура) әмбебап құзыреттерінің салыстырмалы картасы;

8) білім алушылардың құзыреттілігін қалыптастыру бойынша оқу модулінің картасы;

9) оқыту нәтижелерін бағалау саясаты (ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау);

10) бүкіл оқу кезеңіне арналған білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспары (модульдік жүйе бойынша).

29. Консерваторияның білім беру бағдарламаларына мыналар кіреді:

1) жалпы білім беретін базалық және бейіндік пәндер циклін зерделеуді қамтитын теориялық оқыту (бакалавриат үшін), бейіндік және базалық пәндер циклі (магистратура және докторантура үшін);

2) кәсіптік тәжірибені, дене шынықтыруды және т. б. оқытудың қосымша түрлері (бакалавриат үшін);

3) тәжірибелік даярлық: кәсіптік тәжірибенің, ғылыми кәсіптік тағылымдаманың әртүрлі түрлері (магистратура және докторантура үшін);

4) диссертацияны қоса алғанда, ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы (магистратура және докторантура үшін);

5) аралық және қорытынды аттестаттау.

30. МЖМБС сәйкес білім беру бағдарламаларының мазмұны Консерваторияның бакалавриаты үш цикл пәндерінен - жалпы білім беретін пәндерден (бұдан әрі — ЖББП), базалық пәндерден (бұдан әрі — БП) және бейіндік пәндерден (бұдан әрі — БП) тұрады.

31. ЖББП циклі міндетті компонент пәндерін қамтиды (бұдан әрі — МК), ЖОО компоненті (бұдан әрі — ЖООК) және(немесе) таңдау компоненті (бұдан әрі — ТК). БП және БП циклдары регламентке №1-4 қосымшаларда келтірілген ЖООК және ТК пәндерін қамтиды (оқу-әдістемелік жұмыс және тәжірибе Регламентін қараңыз, 2020).

Ереже	Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	31 беттің 7 беті

32. Консерваториядағы білім беру бағдарламасының құрылымы Регламенттің №5 қосымшасында келтірілген нормативтерге сәйкес (оқу-әдістемелік жұмыс және тәжірибе Регламентін қараңыз, 2020).

33. ЖББП циклінің тізбесінде мазмұны Үлгілік оқу бағдарламаларымен айқындалатын міндетті компонент пәндерінің көлемін қысқартуға жол берілмейді.

34. ЖББП циклінің көлемі 56 академиялық кредитті құрайды. Оның ішінде 51 академиялық кредит міндетті компонент: Қазақстан тарихы, Философия, Қазақ (орыс) тілі, Шет тілі, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде), Дене шынықтыру, Әлеуметтік-саяси білім модулі (саясаттану, әлсуметтану, мәдениеттану, психология) пәндеріне бөлінеді.

35. Бакалавриат деңгейінде Консерваторияның барлық мамандықтарының білім алушылары "Қазақстан тарихы" пәні бойынша оны аяқтағаннан кейін, яғни сол академиялық кезеңде мемлекеттік емтихан тапсырады.

36. ЖББП циклінің ЖООК және (немесе) ТК пәндері білім алушылардың экономика және құқық саласындағы құзыреттерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы, мәдениет, экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздерін, сондай-ақ кәсіпкерлік дағдыларын, ғылыми зерттеу әдістерін қалыптастыруға бағытталған кемінде 5 академиялық кредитті құрайды.

37. ЖООК және ТК еңбек нарығының қажеттіліктерін, жұмыс берушілердің үміттерін және білім алушының жеке мүдделерін негізге ала отырып, ЖОО-ның дербестігін айқындайды.

38. Бітіруші кафедралар пәнаралық сипаттағы ЖББП циклінің пәндері бойынша интеграцияланған бағдарламалар әзірлейді.

39. БП және БП циклі оқу пәндерін, кәсіптік тәжірибе түрлерін зерделеуді қамтиды және кемінде 172 академиялық кредитті құрайды.

40. БП және БП циклдерінің пәндері мен модульдерінің бағдарламалары бірқатар білім салаларының түйіскен жерінде кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін пәнаралық және көпсалалы сипатқа ие. Білім алушы ЖОО компоненті және (немесе) таңдау компоненті шеңберінде оқытудың жеке траекториясын айқындау кезінде негізгі білім беру бағдарламасы (Major) және (немесе) қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) бойынша пәндерді таңдайды.

41. Қорытынды аттестаттау жоғары білімнің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде кемінде 12 академиялық кредитті құрайды және дипломдық жұмысты немесе дипломдық жобаны жазу және қорғау нысанында жүргізіледі. Бұл ретте дипломдық жұмыстың немесе дипломдық жобаның орнына бағдарламалардың белгіленген міндеттерге қол жеткізуіне және білім алушылар мен басқа да мүдделі тұлғалардың қажеттіліктеріне сәйкестігіне кепілдік беру мақсатында жылына кемінде 2 рет арнайы дайындалған, өкілеттіктері мен жауапкершілігі берілген ЖОО ішіндегі аудиторлардың білім беру бағдарламаларына мониторинг және мерзімді бағалау жүргізеді. Мониторинг ПОӘК, ПОК журналдарын тексеру,

Ереже	Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	31 беттің 8 беті

элективті пәндерді қорғауды тыңдау, жұмыс берушілерден, стейкхолдерлерден және басқалардан сұрау түрінде жүргізілуі мүмкін.

42. Білім алушыларды қолдаудың білім беру ресурстары мен жүйелерінің сапасын қамтамасыз ету қажетті білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету есебінен жүзеге асырылады:

1) материалдық-техникалық базамен, білім алушылар үшін қазіргі заманғы кітапханалық, ақпараттық ресурстармен, электрондық білім беру ресурстарымен қолжетімді ақпараттық сервистермен;

2) әртүрлі мүмкіндіктер мен жас топтарындағы білім алушылар үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ететін әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етіледі;

3) оқытушылардың жоғары кәсіби ұжымы, білім беру бағдарламаларының басшылары, тәлімгерлер, оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметінің мамандары;

4) өз бетінше және зерттеу жұмысы үшін қажетті шарттармен қамтамасыз етіледі.

5. «СТУДЕНТТІК ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ҮЛГЕРІМДЕРІН БАҒАЛАУ» САЛАСЫНДАҒЫ ІШКІ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ СТАНДАРТТАРЫ

Нұсқаулық:

43. Консерватория студенттерге бағытталған оқыту үдерісін білім беру бағдарламаларына енгізеді: оқытудың икемді траекторияларын әзірлеуді қамтамасыз етеді; білім алушылардың оқу процесіне ынтасы мен тартылуын арттыру үшін жағдайлар жасайды; оқыту нәтижелерін бағалаудың дәйектілігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді.

44. Консерватория білім алушылардың дербестігін дамытуға жағдай жасайды:

1) білім алушылардың оқытудан күтілетін нәтижелері мен мақсаттары үшін түсінікті қалыптастыру;

2) оқытудың белсенді әдістерін енгізу;

3) тұлғаға бағдарланған тәсілді дамыту;

4) оқытудың жеке траекториясын рәсімдеу;

5) білім алушыларды білім беру бағдарламаларын әзірлеуге тарту;

6) білім алушылардың өзіндік жұмысының рөлін күшейту;

7) оқытуда зерттеушілік тәсілді қолдану;

8) оқытушылар тарапынан білім алушыларға оң көзқарасты қалыптастыру; студенттік өзін-өзі басқару рөлін күшейту;

9) оқудың қолайлы жағдайларын жасау.

45. Консерватория білім алушыларға жеке білім беру траекториясын таңдау үшін жағдай жасайды, оған мыналар кіреді:

1) оқыту тілін оқу нысанын таңдау мүмкіндігі (күндізгі, күндізге дейінгі қолдану), элективті пәндерді, оқытушыларды;

2) таңдау бойынша пәндерге электрондық тіркеу;

3) жеке жоспарын қалыптастыру;

Ереже	Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	31 беттің 9 беті

4) пәндерді қайта немесе қосымша зерделеу үшін қосымша семестрді ұйымдастыру.

46. Білім алушылардың пәндерді оқыту рәсімдерін тіркеу кеңсесі ұйым бөлімін тарту арқылы және оқу процесін бақылау, деканаттарды, кафедраларды, кураторларды, студенттік іс-жүргізу бөлімімен бірге ұйымдастырады.

47. Оқу пәндеріне тіркелу академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушылар үшін жүргізіледі.

48. Білім беру траекториясын өз бетінше таңдау үшін Консерватория білім алушыларға барлық қажетті ақпаратты: Қазақстан Республикасының тиісті білім деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, білім беру бағдарламаларының үлгілік оқу жоспарын, элективті пәндер каталогын, білім беру бағдарламаларын, білім алушылар мен оқытушыларды пәндер мен оқытушылар білім алатын тіркеу қағидаларын ұсынады.

49. Пәндерді тіркеу және білім алушының жеке оқу жоспарын қалыптастыруды мыналар қамтиды:

1) білім алушыны кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларымен таныстыру;

2) білім алушыны білім беру траекториясымен таныстыру;

3) білім алушыны элективті пәндердің тізбесімен және мазмұнымен және оларды зерделеу реттілігімен таныстыру;

4) таңдалған білім беру траекториясын игеру үшін оқу жылындағы кредиттердің белгіленген санынан кем емес көлемде пәндерге жазылу;

5) оқу пәндеріне тіркеудің және қайта тіркеудің белгіленген мерзімдерін сақтау.

50. Білім алушы басқа білім беру ұйымдарында, оның ішінде шетелде академиялық ұтқырлық шеңберінде жекелеген пәндерді оқи алады.

51. Жеке оқу жоспарын факультет деканы бекітеді: біреуі деканатта сақталады және білім алушының оқу бағдарламасының орындалуы мен игерілуіне бақылауды жүзеге асыру үшін негіз болады, екінші аралық аттестаттауды ұйымдастыру үшін тіркеуші кеңсесіне, үшінші білім алушының жеке кабинетіне беріледі;

52. Білім алушылардың өзіндік жұмысының рөлі мен уәждемесін күшейту:

1) білімді игерудің белсенді әдістеріне бағдарлану;

2) білім алушылардың шығармашылық қызметке, оқу пәндері бойынша олимпиадаларға, ғылыми-зерттеу немесе қолданбалы жұмыстар конкурстарына қатысуы үшін жағдайлар жасау;

3) аудиторияда одан тыс жерлерде орындалатын тапсырмаларды дараландыру, оларды үнемі жанартып отыру;

4) білім алушылардың өзіндік жұмысын орындау мазмұныны, бағалау критерийлерін және кестелерін жариялау.

53. Білім беру бағдарламасы оқытудың заманауи белсенді әдістерін пайдалана отырып білім алушыларды белсенді бағытталған оқу процесіне

Ереже	Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	31 беттің 10 беті

тарту мен оның дербестігін арттыру және оқыту процесінің нәтижелерін іске асырады. Бұл ретте зейінді сақтау құралдары, онлайн және офлайн оқытудың белсенді әдістері, фасилитация әдістемелері, командамен креативті жұмыс жасау, кейстерді әзірлеу және талқылау, нетворкинг, ойын педагогикасы, коучинг, тәлімгерлік және т.б. студенттің жеке басының белсенді позициясын және потенциалын ашу мен шығармашылық оқу-тәрбие ортасын қалыптастыруға жетел ықпал ететін болашақ маманның кәсіби қасиеттеріне мыналар ықпал етеді, интерактивті дәріс, пікірталас, жарыс сөз, зерттеу, тәжірибе, PBL-project based learning-жобасын басқару, ойын педагогикасы, дизайн-ойлау, шоу, кейс-стади, Challenge-өзгерген бағдарламалар, модельдеу/тренажерде жұмыс жасау және т. б.

54. Педагогикалық әдістерді бағалау және ашық сабақтарды түзету, сабақтарға өзара қатысуды, әдістемелік секциялар мен семинарлардың отырыстарын, академиялық бюролар мен мастер-класстарды, сыртқы және ішкі корпоративтік оқытуды өткізу комитетінің жұмысын ұйымдастыру шеңберінде жүргізіледі.

55. Оқытушы мен білім алушылардың арасындағы құрмет мәдениет және этика ережелерімен, этикалық-құндылық нормалары және принциптерімен реттеледі.

56. Эдвайзерлер Консерваторияға оқуға түсу кезінде бірінші курс білім алушыларын анықтамалық-нұсқаулықпен таныстыруды қамтамасыз етеді.

57. Білім алушылардың болашақ мансаптары үшін үлгерімін бағалаудың маңыздылығын назарға ала отырып, бақылаудың барлық түрлерін бағалау критерийлері мен әдістері оқу басталғанға дейін жұмыс бағдарламаларында (силлабустарда) және пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінде жарияланады.

58. Білім алушылардың білімін бағалау үшін балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі және бағалауға көшіру ережелері қолданылады.

59. Білімді бағалау белгіленген рәсімдерге сәйкес жүргізіледі және аралық бақылау мен ағымдағы, сондай-ақ аралық және қорытынды аттестаттауды қамтиды:

60. Ағымдағы бақылау силлабус пәнінде көрсетілген кестеге сәйкес академиялық кезең ішінде студенттердің оқу жетістіктерін тексеруді қамтиды. Ағымдағы бақылау оқу пәнінің әрбір тақырыбы бойынша аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда жүргізіледі. Ағымдағы бақылаудың түпкілікті нәтижесі академиялық кезең ішінде алынған барлық бағалардың орташа арифметикалық сомасын есептеу арқылы жүргізіледі.

61. Оқу жылы ішінде оқытушы СӨЖ кестесі бойынша сабақтардан кейін әр семестрде 8-ші, 15-ші аптада екі аралық бақылау жүргізеді (ҚР). Рейтингік бақылау нәтижелер тізімдемесі ресімделеді. Ағымдағы үлгерімді есепке алуды оқытушы білім алушылардың сабаққа қатысуын есепке алу журналында жүргізеді. Рейтингік тізімдемені оқытушы аралық бақылауды қабылдаған күні ОР-ға береді және тапсырады.

62. Білім алушыларды аралық аттестаттауды ұйымдастыру тіркеуші кеңсесіне жүктеледі және оқу жұмыс жоспарына, академиялық күнтізбеге және қолданыстағы пәндердің жұмыс бағдарламаларына сәйкес жүзеге

Ереже	Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	31 беттің 11 беті

асырылады. Білім алушыларды аралық аттестаттау алқалы түрде (кафедра мүшелерінің немесе ассистенттің қатысуымен) өткізілетін емтихандарды тапсыру нысанында жүргізіледі. 2019 жылғы жазғы сессиядан бастап қабылдау рейтингін бағалау пән бойынша білімнің қорытынды бағасының кемінде 60% құрайды. Қорытынды бақылауды бағалау пән бойынша білімді қорытынды бағалаудың 40 % құрайды.

63. Білімді бақылау: әр семестр ішінде студент 2 ағымдағы рейтинг-бақылаудан өтуі керек, оның қорытындысы бойынша ол рұқсат етіледі немесе сессияға жіберілмейді.

1) Ағымдағы бақылау — T1 (барлық ағымдағы бағаларды қосамыз және олардың санына бөлеміз); Аралық бақылау — R1 (аралық бақылаудағы тапсырманы бағалау); Семестрлік бақылау (BCK1) — R1 (складываем (T1 + R1);

2) Сол схема бойынша семестр ішілік бақылау(BCK2) — R2 есептеледі;

3) $(R1 + R2)/2 - RCP$ (емтиханға қабылдау рейтингі);

4) Емтихан — E (емтихан бағасы);

5) Пәннің қорытынды бағасы: $RCP \times 0,6 + E \times 0,4$

64. Аралық аттестаттау емтихан сессиясы кезеңінде білім алушылардың бір оқу пәнінің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын зерделеу аяқталғаннан кейін оның мазмұнын игеру сапасын бағалау мақсатында өткізіледі. Аралық аттестаттауды өткізудің негізгі нысандары: компьютерлік тестілеу, жазбаша емтихан, эссе, бақылау жұмысы, тестілеу, ауызша емтихан, шығармашылық емтихан, шығармашылық жұмыс, реферат. Емтиханда білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау 0-ден 100-ге дейінгі баллмен анықталады.

65. Қорытынды аттестаттау жоғары білімнің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде кемінде 12 академиялық кредитті құрайды және дипломдық жұмысты немесе дипломдық жобаны жазу және қорғау нысанында жүргізіледі. Бұл ретте дипломдық жұмыстың немесе дипломдық жобаның орнына келесі санаттағы адамдар үшін екі кешенді емтихан тапсырылады:

1) денсаулық жағдайы бойынша стационарда ұзақ емделушілерде;

2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар, оның ішінде мүгедек балалар, бала кезінен мүгедектер, 1 топтағы мүгедектер;

3) жүкті немесе 2 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған;

66. Қорытынды аттестаттау ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде кемінде 12 академиялық кредитті құрайды және магистрлік диссертация (жоба) жазу және қорғау нысанында жүргізіледі.

67. Қорытынды аттестаттау докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 12 академиялық кредитті құрайды және докторлық диссертация жазу және қорғау нысанында жүргізіледі.

68. Консерватория академиялық қарызды, академиялық айырмашылықты жоюға, оқу пәндерін қайта немесе қосымша оқуға және

Ереже	Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	31 беттің 12 беті

қосымша семестр кезеңінде ақылы негізінде кредиттерді игеруге мүмкіндік береді. Қосымша семестр жазғы демалыс кезеңінде өткізіледі.

69. Білім алушылардың жетістіктерінен күтілетін оқу нәтижелерін бағалау мынандай тетіктер есебінен қамтамасыз етіледі:

1) бағалау материалдары шығарушы кафедрасынан алдын ала сараптамадан өтеді;

2) компьютерлік, бақылау тестілеу немесе жазбаша түрдегі емтихандарды тәуелсіз сарапшылар, ал басқаша түрдегі емтихандарды, сондай-ақ курстық жұмыс пен жобаларды комиссия мүшелері қабылдайды;

3) академиялық құрам білімді тестілеу және тексеру әдістерін меңгереді және осы саладағы өз құзыретін арттырады;

4) білімді бағалау нәтижелері электрондық жүйелерде тіркеледі және бағалау жүргізілген күні білім алушылар үшін қол жетімді болады;

5) оқытушылар мен білім алушылар арасында академиялық үлгерім мәселелері бойынша тұрақты кері байланыс қамтамасыз етіледі;

6) білімді бағалаудың барлық түрлері үшін апелляция рәсімі, сондай-ақ дәлелді себептер болған кезде аралық бақылаудан өтудің және емтихан сессиясын ұзартудың қосымша мүмкіндіктері көзделген;

70. Консерваторияда білім алушылардың шағымдарын қарау жүйесін ректор, тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор, деканат, бітіруші кафедра кураторлары қамтамасыз етеді. Шағымдар мен ұсыныстарды қарау ректордың тікелей поштасы, виртуалды қабылдау бөлмесі және де ректор мен проректорлардың белгіленген қабылдау сағаттары арқылы жүзеге асырылады.

6. «БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ, ҮЛГЕРІМІ, ТАҢУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ» САЛАСЫНДАҒЫ ІШКІ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ СТАНДАРТТАРЫ

Нұсқаулық:

71. Консерватория білім алушылардың оқыту және алдыңғы білім беру кезеңдерін, жоғарғы білімнің біліктілігін объективті тануын, оқыту мониторингінің нәтижесін қабылдау және шығару рәсімдерін анықтайды, жариялайды және дәйекті түрде қолданады. Консерватория оқытуды аяқтаған білім алушыларды алған біліктілігін растайтын дипломмен және өз үлгісіндегі қосымшамен қамтамасыз етеді.

72. Консерватория ҚР Мәдениет және спорт министрлігі бөлген республикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы «Өнер бағыты» бойынша жоғары білімнің (бакалавриат) білім беру бағдарламаларына қабылдауды немесе жергілікті бюджет, сондай-ақ білім алушының өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеу жүзеге асырылады.

73. Бакалавриаттың білім беру бағдарламаларына Консерваторияға республикалық мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаттарды, музыкалық колледждерді, өнер колледждерін, педагогикалық колледждерді, Ж. Өзбекіров авторлық мектебін бітірген, жоғары (жоғары кәсіптік)

Ереже	Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	31 беттің 13 беті

музыкалық білімі бар, сондай-ақ Консерваторияның дайындық бөлімінде оқуын сәтті аяқтаған адамдар қабылданады. «Арт-менеджменті» мамандығының білім беру бағдарламасына қосымша бес немесе жеті жылдық музыкалық білімі бар жалпы білім беретін мектептерді бітірген адамдарда қабылданады.

74. Ұлттық бірыңғай тестілеуден (бұдан әрі — ҰБТ) өткен және республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты, сондай-ақ нысаналы трансферттер шеңберінде республикалық бюджет түскен қаражат есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысуға ниет білдірген, шығармашылық даярлықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсетін орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түлектеріне және (немесе) «өнер» білім беру саласы бойынша Консерваторияға ақылы оқуға түсу үшін кемінде 65 балл, оның ішінде Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы бойынша — кемінде 5 балл, оқыту тілі және әрбір шығармашылық пәні бойынша емтиханнан кемінде 5 балл жинау қажет.

75. Осы Қағидалардың 9-тармағында белгіленген ҰБТ нәтижелері бойынша шекті балл жинамаған адамдар бірінші академиялық кезең аяқталғанға дейін шартты түрде күндізгі оқу нысаны бойынша Консерваторияға қабылданады. Консерваторияда оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі аяқталғаннан кейін аталған адамдар ҰБТ-ны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15173 болып тіркелген) бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді және кешенді тестілеуді өткізу қағидаларына сәйкес белгіленген мерзімде қайта тапсырады (бұдан әрі — № 204 бұйрық).

76. Осы Қағидалардың 9-тармағында белгіленген шекті балды жинамаған тұлғалар 1 (бірінші) академиялық кезең аяқталғаннан кейін тапсырылатын ҰБТ қорытындылары бойынша Консерваториядан шығарылуға жатады.

77. Консерваторияға оқуға түсу кезінде «техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысымен бекітілетін мөлшерде қабылдау квотасы көзделеді.

78. ЖЖОКБҰ-ға түсетін адамдарды қабылдау «білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептілік құжаттарының нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша белгіленген үлгідегі сертификат балдарына сәйкес конкурстық негізде олардың өтініштері бойынша (тіркелген Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4991) және (немесе) үміткердің бірегей деректері бар электрондық сертификат, Ұлттық бірыңғай

тестілеу (ҰБТ) нәтижелерін ресми растайтын Ұлттық тестілеу орталығының сайтында жарияланып (бұдан әрі — ҰБТ сертификаты) жүзеге асырылады.

Магистратураның білім беру бағдарламасына түсу үшін жоғары білім туралы құжаттың (түпнұсқа), жеке басын куәландыратын құжаттың, шет тілі бойынша тест тапсыру туралы сертификаттың (бар болса) болуы қажет. Тұлғаларды магистратураға қабылдау конкурстық негізде кешенді тестілеу және екі шығармашылық емтихан нәтижелері мен рефератты қорғау бойынша және мамандық бойынша жүзеге асырылады. Магистратураға «Өнер» бағыты бойынша бакалавриаттың білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғалар қабылданады.

Докторантураның білім беру бағдарламасына түсу үшін жоғары білім туралы құжаттың (түпнұсқасы), жеке басын куәландыратын құжаттың, ҰТО берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсыру туралы ресми сертификаттың (ҚАЗТЕСТ); шет тілін меңгеруге тест тапсырғанын растайтын ресми халықаралық сертификаттың болуы қажет. Тұлғаларды докторантураға қабылдау конкурстық негізде екі шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша — рефератты қорғау бойынша және мамандық бойынша жүзеге асырылады. Докторантураға «Өнертану ғылымдарының магистрі» дәрежесі және кемінде 9 (тоғыз) ай жұмыс өтілі бар адамдар қабылданады.

79. Консерватория қабылданған білім алушыларды білім беру бағдарламасымен, оқу шарттарымен және қолданыстағы академиялық кезеңнің басында ректормен, деканмен, кураторлармен және эдвайзерлермен міндетті кездесулер шеңберінде академиялық мансап мүмкіндіктерімен таныстыруды қамтамасыз етеді.

80. Білім алушылардың академиялық жетістіктері туралы ақпаратты жинау және мониторингілеу, ішкі нормативтік құжаттармен регламенттелген, оқу үдерісін басқару жөніндегі ақпараттық-талдау кешені арқылы жүзеге асырылады және мыналарды қамтиды:

- 1) ағымдағы үлгерім нәтижелерін жинау және мониторингілеу;
- 2) аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелерін жинау және мониторингілеу;
- 3) жұмысқа орналасу нәтижелерін және түлектердің мансаптық өсуі туралы ақпаратты жинау және мониторингілеу;
- 4) студенттер мен жұмыс берушілердің оқу сапасына қанағаттану мониторингі.

81. Білім алушылардың корпоративтік мәдениетті қолдауы белгіленген ішкі тәртіп Ережелерімен және студенттің ар-намыс Кодексінің ережелерімен қамтамасыз етіледі.

82. Консерваторияның бейресми білімін тануды коса алғанда, жоғары білімнің біліктілігін, оқу кезеңдерін және алдыңғы білім беруді объективті тануға кепілдік беру үшін:

- 1) тану туралы Лиссабон Конвенциясының іс-әрекеттерінің сәйкестігін қамтамасыз етеді;
- 2) Қазақстан Республикасында тану және нострификациялау рәсімі

Ереже	Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	31 беттің 15 беті

бойынша атқарушы орган болып табылатын ҚР ҰӨҰ Болон үдерісі және академиялық ұтқырлық орталығымен ынтымақтасады.

83. Басқа қазақстандық немесе шетелдік оқу орындарында сатып алынған біліктіліктерді тану оқу кредиттерінің трансфертін толтырудың бекітілген қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

84. Білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған адамдарға дипломға (Diploma Supplement (диплом саплэмент)) қосымшасы және (немесе) жалпы еуропалық қосымшасы бар өз үлгісіндегі білімі туралы құжатты тегін береді.

85. Қабылдау, бағалау, тану және бітірудің барлық процедуралары өзекті болып табылады және білім алушылар үшін қол жетімді.

7. «ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМЫ» САЛАСЫНДАҒЫ ІШКІ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ СТАНДАРТТАРЫ.

Нұсқаулық:

